

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«ЖҰМАБЕК АХМЕТҰЛЫ ТАШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«6B01703-Шетел тілі:екі шетел тілі мұғалімдерін даярлау»

Тіркеу номері	6B 017 00 127
Білім беру саласының коды мен атауы	6B01-Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағыттарының коды мен атауы	6B017-Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау
Білім беру бағдарламаларының тобы	B018 Шетел тілі мұғалімдерін даярлау
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы
ББХСЖ бойынша деңгейі	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Оқу тілі	Қазақ
Типтік оқу мерзімі	4 жыл
Білім беру бағдарламасының еңбек сыйымдылығы, кем емес	240 кредит

Шымкент, 2024ж.

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	Қызметі	Қолы
Карабаева Лаура Кошкарбаевна	«Шетел тілдері» кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты	
Равшанов Махмуд	«Шетел тілдері» кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты	
Исламова Мухаббат Михтибаевна	«Шетел тілдері» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі	
Шотаева Рабиға Әлмұханқызы	ФИ-22-9к1 тобының білім алушысы	
Равшанова Рухсона Ғуламжанқызы	ФИ-23-9к1 тобының білім алушысы	
Қалдыбай Жақсыкүл Баймырзаққызы	№25 мектеп-гимназиясы ағылшын тілі пәні мұғалімі	
Тазабекова Қарлығаш Шаметовна	№38 Н.Ондасынов атындағы мектеп мектеп гимназияның ағылшын тілі пәні мұғалімі	
Зайтова Гаухар Рахмановна	Төлеби аудандық мамандырылған Дарын мектеп интернатының ағылшын тілі пәні мұғалімі	
Дузеева Гульшат Байнуровна	Түлкібас ауданының үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп-интернатының ағылшын тілі пәні мұғалімі	
Адилханова Бегаим Рахымовна	Шымкент қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі	

Жұмыс берушімен келісілген

Т.А.Ә.	Қызметі
Аманкулова Анар Сагинбековна	А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясының директоры
Нысанбаева Жанар Тастанқызы	С.Ерубаев атындағы №24 мектеп-лицейінің директоры
Тойлыбаева Жанар Джураевна	З.Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейінің директоры
Байбосынова Гаухар Смановна	Айбек атындағы №14 жалпы орта мектебінің директоры
Қашқабас Қазыбек Абдусадұвич	Д.А.Қонаев атындағы жалпы орта мектебінің директоры

Білім беру бағдарламасы «Филология» факультетінің Академиялық комитетінің мәжілісінде қаралды, « 19 » 04 2024 ж. № 9 хаттама.

АК төрағасы _____

Университет Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды, « 22 » 04 2024 ж. № 5 хаттама.

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді « 24 » 04 2024 ж. № 11 хаттама.

МАЗМҰНЫ

1	Білім беру бағдарламасын дайындаудың нормативті-құқықтық базасы	4
2	Білім беру бағдарламасының мақсаты мен құндылықтары	4
3	Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	5
4	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	6
5	Білім беру бағдарламасын бітіруші түлектің құзыреттіліктері	6
6	Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері	7
7	Құзыреттіліктер мен оқу нәтижелерінің байланысын анықтау кестесі	8
8	Пәннің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы матрицасы және еңбексыйымдылығы туралы мәлімет	
9	Білім беру бағдарламасының модульдер кескінінде меңгерілген кредиттер көлемімен көрсетілген жиынтық кесте	46
10	Оқытудың стратегиялары мен әдістері, бақылау және бағалау	47
	Келісім парағы	48
	Қосымша 1. Жұмыс берушілердің пікірлері	
	Қосымша 2. Сараптамалық қорытынды	

1 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАЙЫНДАУДЫҢ НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАСЫ

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы.

2. «Еуропалық біліктілік шеңбері» 2008 жылы 23 сәуірде Еуропалық Парламент пен Кеңесінде қабылданған.

3. Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.

4. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 27 шілдедегі № 28916 бұйрығымен бекітілген.

5. Ұлттық біліктілік шеңбері. Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық ұшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы хаттамасымен бекітілген

6. «Педагогтің кәсіби стандарты». «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша.

7. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

8. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 16 қазандағы № 420 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 29 қазандағы №592 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

9. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 6 наурыздағы № 252 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

10. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 603 бұйрығымен бекітілген

2 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты университеттің Стратегиялық даму жоспарының мақсатына және университет миссиясына сәйкес анықталған.

Білім беру бағдарламасының **мақсаты:**

Ұлттық біліктілік жүйесі мен еңбек нарығы талаптарына сай жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктерді меңгерген бәсекеге қабілетті ағылшын және неміс тілдері пәндерінің мұғалімін даярлау.

Білім беру бағдарламасының **міндеттері:**

➤ білім алушылардың кәсіби қызметін тиімді атқаруға қажетті жалпы мәдени, кәсіби және арнайы құзыреттіліктерін қалыптастыру;

➤ білім алушылардың тұлғааралық құндылықтар негізінде әлеуметтік жауапкершілігін және кәсіби этикалық нормаларды ұстануын қалыптастыру;

➤ білім алушылардың кәсіби шыңдалуға, өзін-өзі жүзеге асыруға ынталандыру негізінде білім беру сапасының деңгейін ұлттық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру;

➤ білім алушылардың кәсіби білімі мен тәжірибелік дағдыларын жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қалыптастыру;

➤ тіл үштұғырлығы, функционалдық сауаттылық және салауатты өмір сүру негізінде қоғамды жаңартуда белсенділік танытатын жоғары білімді маман даярлауды қамтамасыз ету.

Білім беру бағдарламасының құндылықтары

Білім беру бағдарламасының мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар:

- ❖ қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
 - ❖ құрмет;
 - ❖ ынтымақтастық;
- ашықтық.

3 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

3.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

6B01703-Шетел тілі:екі шетел тілі мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

3.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары:

- негізгі және бейіндік мектептер;
- мамандандырылған мектептер;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары болып табылады.

3.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері:

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

3.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

Оқытушылық:

- оқу ақпаратын тарату және өз бетімен оқуды үйрету;
- білім алушыларды оқыту мен дамыту;
- білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау.

Тәрбиелік:

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу,
- сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі формалары мен әдістерін таңдау және қолдану;
- оқушылар ұжымымен, осы сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен, ата-аналармен байланыс орнату.

Әдістемелік:

- білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқыту процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

Зерттеушілік:

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеу және қорыту;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу.

Әлеуметтік коммуникативтік:

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және педагогикалық қолдау көрсету

4 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

- Жоғары білім беретін «Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы Еуропалық біліктілік және Ұлттық біліктілік шеңберіне, Дублин дескрипторларына, педагогтың кәсіби стандартына, сәйкестендіріліп, аймақтық еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, дайындалған құжаттар жүйесінен тұрады.
- БББ қойылған мақсатты, күтілетін нәтижелерді, білім беру процесін жүзеге асыру жағдайлары мен технологияларын, бітірушінің берілген бағыттағы дайындық сапасын бағалау саясатын және оқу жұмыс жоспарының мазмұнын айқындайды.
- БББ-ның ерекшеліктері:
- заманауи білім беру парадигмасының негізінде бітірушінің моделін ұсыну. Бітіруші моделі университеттің Стратегиялық даму жоспарының мақсатына және миссиясына сай анықталған мақсатқа сәйкестендірілген. Білім беру бағдарламасын меңгеру қорытындысы бойынша бітірушінің жалпы мәдени, кәсіби және арнайы қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған күтілетін оқу нәтижелері анықталған. БББ-ның мазмұнында жаңартылған білім беру бағдарламасын негізге алатын әдістемелік пәндердің үлесі арттырылған.
- оқу орны мен білім алушының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және бітірушілерге жұмысқа орналасуға барынша мүмкіндік беретін, «Minor» білім беру бағдарламасы жасалынды. Білім алушылар «Minor» курсын жеке және кәсіби қызығушылығы бойынша ақылы негізде оқуына болады.

5 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БІТІРУШІ ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ

Қ1. Мәдени құзыреттілік: азаматтық және адамгершілік тұрғыда жеке тұлға үшін маңызды мәселелерді талдауда өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіре алады, педагогикалық тактты, педагогикалық этика ережелерін сақтайды, түрлі ұлт, мәдениет, дін өкілдерімен өзара түсіністік, сыйластық, құрмет негізде қарым-қатынас жасайды.

Қ2. Әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілік: тіл үштұғырлығы, функционалдық сауаттылық және салауатты өмір сүру негізінде барлық мүдделі тараптардың талаптарына сәйкес топта жұмыс істей отырып, қоғамды жаңартуда белсенділік танытады, оқу-тәрбие үдерісінде кәсіби қоғамдастықпен өзара әрекеттесуді жүзеге асырады, жаңа білім мен дағдыны меңгеру, шығармашылық қабілеті жоғары, дербес ізденіс нәтижесінде елеулі мәселелердің шешіміне қол жеткізу, ойлау қабілетімен ерекшелену дағдыларын қалыптастырады.

Қ3. Ұйымдастырушы-әдістемелік құзыреттілік: инновациялық технологияларды қолдануда, қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда және кешенді проблемаларды шешуде сыни ойлау мен креативтілік танытады, орта білімнің барлық салаларында (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) оқыту сабақтастығы мен кіріктіру қағидаттарын есепке ала отырып, оқу үдерісінің стратегиялары мен жаңа модельдерін жобалайды, жоспарлайды.

Қ4. Зерттеушілік құзыреттілік: кәсіби қызметіндегі өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарына шәкірттерін баули отырып, оның нәтижелерін дәйектейді, білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделейді, білім ортасын зерттейді, зерттеуді жоспарлайды, жүзеге асырады, жаңа білім мен дағдыны меңгеру, шығармашылық қабілеті жоғары, дербес ізденіс нәтижесінде елеулі мәселелердің шешіміне қол жеткізу, ойлау қабілетімен ерекшелену дағдыларын қалыптастырады.

Қ5. Пәндік құзыреттілік: пәндік саланы терең игереді, өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіре отырып бағалайды, заманауи зерттеулер нәтижесін кәсіби қызметінде қолданады, пәндік–тілдік оқытудың кіріктірілген технологиясына сәйкес пән бойынша оқу–әдістемелік материалдарды жинақтайды, әзірлейді.

Қ6. Дамытушы құзыреттілік: кәсіби деңгейін көтеру мақсатында өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіре отырып, өмір бойы оқуға мән береді, білім беру деңгейін тұрақты арттыруға дайын болу, жеке-бас әлеуетін толыққанды іске асыру қажеттілігінің болуы, өз бетімен білім мен біліктерді игеру, өзін-өзі дамыту қабілеттерін сәтті жүзеге асырады.

Қ7. Ақпараттық құзыреттілік: ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді және ақпаратты іздеу мен өңдеуде, мақсат қою мен оған қол жеткізу жолын таңдауда, жоба жұмыстарын әзірлеуде АКТ-ны пайдалана алады, шетел тілін оқыту, оқытуды ұйымдастыру нәтижелерін бағалау және оқытылатын тіл мәдениетімен таныстыру мақсатында Интернет-ресурстарын және ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана біледі, БАҚ-тағы ақпаратқа сыни көзқараспен қарайды.

6 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Осы БББ сәтті аяқтағаннан кейін білім алушы:

ОН1. Пәндік және пәнаралық саланың негізгі бөлімдері бойынша білімін және интеграциялауды көрсете алады, академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңызын ұғынады.

ОН2. Дәстүрлі және жаңа бағыттағы аударманың тұжырымдамалық және когнитивтік қорын талдайды, тіл білімінің аударма сипатын таниды.

ОН3. Оқып жатқан тілдің орфографиялық, орфоэпиялық, лексикалық, грамматикалық және стилистикалық нормаларын меңгереді, зерттелетін саладағы фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы тілдік тәуелділіктерді біледі және түсінеді

ОН4. Аударма теориясының танымдық негізін қалыптастырады, даму бағытын ынталандыратын тұжырымдамалық бірліктерді жүйелейді.

ОН5. Ғылыми зерттеу әдістері мен тәсілдерін іріктеу кезеңін ұйымдастыра алады, педагогикалық экспериментті ұйымдастыру әдістерін жүйелей алады, қолдану орындарын, тиімділігін көрсете біледі.

ОН6. Кәсіби және мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға, өз ойларын қисынды түрде құрастыра алады, кәсіби деңгейде білім мен түсінікті қолдана біледі, дәлелдер қалыптастырады және зерттелетін саладағы мәселелерді шеше алады.

ОН7. Шетел тілін оқыту саласында оқу процесін ұйымдастырудың әдіснамасын, теориясын, әдісін, түрін және тәсілдерін меңгереді, оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолданады.

ОН8. Тіл мен әдебиет деректерін жинай және талдай біледі, баспасөз жарияланымдары мен ғаламтордан қажетті ақпаратты іздеу дағдыларын қалыптастырады және педагогикалық

инновациялық технологияларды оқыту мен тәрбилеудің мақсат-міндеттеріне, күтілетін нәтижелеріне және оқушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес қолдана біледі.

ОН9. Шетел тілінің тілдік құбылыстарына қатысты өз бетінше зерттеу жүргізеді, мәдениетаралық шеттілдік қатынас құралы ретінде шетел тілінің барлық функцияларын толық қолдана біледі.

ОН10. Өз көзқарасын дұрыс білдіруді, жаңа шешімдерді ұсынуды қамтамасыз ететін, практикалық білім мен дағдыларды меңгереді, зерттелген саласы бойынша білімді кәсіби деңгейде қолдана алады, әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асырады.

ОН11. Стандарттарға сәйкес заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, ақпараттық жүйелердің бағдарламалық қамтамасыз етуінің барлық түрлерін әзірлейді, тестілейді, енгізеді және сүйемелдейді.

ОН12. Тілдік ресурстар мен әдебиеттерді меңгереді, талдайды, пайдаланады, зерттелетін салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті дербес іздеу және шығармашылық қабілеттерін, оқыту дағдыларын дамытады.

7 ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР МЕН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ БАЙЛАНЫСЫН АНЫҚТАУ КЕСТЕСІ

Бітіруші иеленетін құзыреттіліктер	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12
1	+					+				+		+
2			+			+		+			+	
3	+				+		+	+			+	
4	+				+	+	+	+	+	+		
5	+	+	+	+		+	+		+		+	+
6		+	+	+	+	+	+		+	+	+	+
7	+			+	+	+	+	+				+

**8 ПӘННІҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЫҚПАЛЫ МАТРИЦАСЫ ЖӘНЕ
ЕҢБЕКСЫЙЫМДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ**

№	Модуль атауы	Цикл	Компонент	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-60 сөз)	Кредиттер саны			Қалыптасатын ОН (код)										
		Жалпы модульдер					О Н1	О Н2	О Н3	О Н4	О Н5	О Н6	О Н7	О Н8	О Н9	О Н10	О Н11	О Н12	
1	Қоғамдық ғылымдар модулі	ЖБП	МК	Қазақстан тарихы	Отандық тарихты оқудың тұжырымдамалық негіздері; Қазақстандағы тәуелсіздіктің тарихи алғышарттары: ұлттық мемлекет құру идеяларының кезеңдері; Кеңестік мемлекеттік құрылыс үлгісінің жүзеге асырылуы және кеңестік реформалардың қайшылықтары мен зардаптары; Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымының қалыптасуы; Этнодемографиялық үдерістер мен ұлтаралық келісім; жаңа тарихи сананы және дүниетанымды қалыптастыру;	5			v	v									
2		ЖБП	МК	Философия	Философияның пайда болуы мен кезеңдері; ойлау мәдениетінің пайда болу ерекшеліктері; дүниені философиялық түсінудің негіздері;	5			v	v									v

					болмыс. онтология және мета-физиканың мәні; таным және шығармашылық, білім; ғылым, техника және технологиялар мәселелері; адам философиясы және құндылықтар мәселесі қарастырылады. Адам болмысының категориялары; құндылықтар, еркіндік, өнер, тарих, дін, әлеуметтік философия мәселелері талқыланады.													
3	Әлеуметтік-саяси білімдер	ЖБП	МК	Әлеуметтану және саясаттану	Әлеуметтану теориясы; әлеуметтанулық зерттеулер; әлеуметтік құрылым және қоғамның стратификациясы; әлеуметтену және бірегейлік; қоғамды әлеуметтік бақылау; дін, мәдениет және қоғамның өзара байланысы; білім және әлеуметтік теңсіздік, этнос және ұлт әлеуметтануы; денсаулық және медицина; экономика, жаһандану және еңбек мәселелері қарастырылады. Саяси ғылымның қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері; қоғамның саяси жүйесі, саяси режимдер; сайлау жүйелері,	4			v	v								

				саяси партиялар және қоғамдық-саяси қозғалыстар мәселелері сипатталады.														
4		ЖБП	МК	Мәдениет-тану және психология	Мәдениет морфологиясы се-миотикасы; анатомиясы мәселелері қарастырылады. Қазақстан көшпелілерінің; арғытүркілердің мәдени мұрасына, Орталық Азияның ортағасырлық мәдениетіне; ХҮ-ХҮІІ, ХVІІІ ғ. – ХІХ ғ., ХХ ғасырдағы қазақ мәдениетіне шолу жасалады. Жаһандану аясындағы қазақ мәдениетіне; Қазақстанның мәдени саясатына; «Мәдени мұра» Бағдарламасына шолу жасалады. Ғылымдар жүйесіндегі психологияның орны; адамның ерік қасиеті; эмоциялар тұлғаның даралық-типологиялық ерекшеліктері; денсаулық психологиясы; тұлғаның және топтардың қарым-қатынасы; әлеуметтік-психологиялық конфликт мәселелері қамтылады.	4			v	v								

5		ЖБП	ЖО ОК	Экожүйе және құқық	Экологияның ғылым ретіндегі міндеттері, оның негізгі бөлімдері; экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы менеджмент; табиғатты қорғаудың құқықтық аспектілері; негізгі экологиялық түсініктердің сипаттамасы және табиғи жүйелердің қызмет етуіндегі заңдылықтар; қоршаған ортаны бақылау, өткізіліп жатқан оқиғалардың заңдылығы; нормативтік құқықтық актілермен жұмыс мәселелері қарастырылады.	5		v	v	v								
6		ЖБП	ЖО ОК	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәдениеті негіздері	Қоғамға қарсы құбылыс ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша азаматтық ұстанымды қалыптастыру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті жетілдіру және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін моральдық-адамгершілік және құқықтық жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған іс-әрекеттер; Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың әлеуметтік-экономикалық, құқықтық,	5		v	v	v								

					мәдени, адамгершілік-этикалық аспектілері талданады														
7		ЖБП	ЖО ОК	Қаржылық сауаттылық негіздері және кәсіпкерлік	Жеке қаржыны басқару, қаржы нарығының негізгі құралдары туралы білім жүйесі, тұтынушының, салымшының, қарыз алушының, акционердің, салық төлеушінің, сақтанушының, инвестордың әлеуметтік-экономикалық рөлін тиімді орындауға мүмкіндік береді және кәсіпкерлік қызметті қаржыландыруды, кадрлік қамтамасыз етуді, кәсіпкерлік мәдениеті мен этикасын үйретеді. Халыққа кәсіпкерлік қызметті қалыптастыруға және дамытуға, әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға және көтеруге, қазіргі таңда қызмет атқарып жүрген кәсіпкерлерге де қолдау көрсету бағдарламаларын қарастырады.		v					v					v		
8		ЖБП	ЖО ОК	Ғылыми зерттеу әдістері	Ғылыми-зерттеудің әдістемесі, ерекшеліктері; ғылыми зерттеудің процедурасы; ғылыми зерттеу бағдарламасы, ғылыми зерттеу мақсаты; ғылыми-зерттеудегі математикалық әдіс; бастапқы ақпаратты жинақтау әдістері (сауал әдістері: анкеталау, интервью, эксперттік сауал,	3						v	v	v					

					эксперимент, контент-талдау, социометриялық сауал) туралы мәліметтер қамтылады.													
Біліктілік шеңберінен шығатын қосымша модульдер																		
9	Ком- муни- ка- тивті ұтқыр- лық модулі	ЖБП	МК	Қазақ (орыс) тілі	Қазақ (орыс) тілінің коммуникативтік функциялары жүйесі және күнделікті қарым-қатынаста тілдік бірліктерді қолданудың негізгі талаптары қарастырылады. Қазақ (орыс) тілінде сөйлеуді ұйымдастыру тех-никасы мен әдістері, сөйлеу әдебі, сөйлеу мәдениеті мен сөйлесу мәдениетін меңгеру; лексикалық-грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық, сөйлеу, сөйлеу әреке-ті, ғылыми мәтіннің коммуникативті мәндеті, монологтық және диалогтық сөз, кәсіби мәтіннің грамматикалық-стильдік ерекшелігі қамтылады.	10		v	v	v								
10		ЖБП	МК	Шетел тілі	Фонетикалық, лексикалық және грамматикалық тұрғыдан оқылған тақырыптар шеңберінде жағдайға сәйкес сөйлеу тұжырымын дұрыс тұжырымдау, транскрипцияны оқу техникасын жетілдіру; сюжеттік мәтіндердің негіз-гі мазмұнын көрнекі және	10		v	v	v								

			моторлық көрініске тәуелділігі мәселелері қарастырылады.														
11	ЖБП	МК	Дене шынықтыру	Денсаулықты нығайту, жалпы, кәсіптік аурулар мен зиянды әдеттердің алдын алу, бақылау, өзін-өзі бақылау және дене дамуын бағалау әдістері үшін дене шынықтырудың сауықтыру жүйелерінің дағдылары мен біліктерін, білімдерін меңгереді. Сауықтыру және бейімдік (емдік) дене шынықтырудың жеке іріктелген кешендерін, дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру кешендерін орындай алады, салауатты өмір сүру және өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын дамыта алады.	8		v		v								
12	БП	ЖО ОК	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	Адам іс-әрекетінің еңбек қызметі саласын қамтамасыз ететін пәндік феномен ретінде кәсіби қазақ (орыс) тілінің рөлі; пәндік-тілдік материалдарды меңгеруді басты құрылымдары; қазақ (орыс) тіліндегі кәсіби терминология; арнайы кәсіби бағытталған материалдар және оларды кәсіби жағдаяттарда берілген тапсырмаларда қолдану; кәсіптік құзіреттілік: орыс тіліндегі мәтіндерден бағдар алу, кәсіби мазмұнда	3		v	v	v								

				монологты баяндау және т.б.; Кәсіби қазақ (орыс) тілінің мамандық пәндерімен байланысы қарастырылады.													
13		БП	ЖО ОК	Кәсіби- бағыттал- ған шетел тілі	Тілді меңгеру деңгейі В1және В2 деңгейлері, кәсіби шет тілін оқытылатын пән ретінде қарастырады, кәсіби және ғылыми терминологиямен қатар жаңа заман талабына сай инновациялық технологияларды пайдалану, кәсіби жабдықтар мен ерекше еңбек жағдайлары, шет тілдеріне негізделген мамандандырылған пәндердің мазмұндық сипаттамалары, негізгі шартсыз тұжырымдамалық аппарат және оның шетел тіліндегі түрі, "Шетел тілін кәсіби бағытта оқыту", "Шетел тілі бойынша кәсіби біліктілік" ұғымдарының анықтамалары сонымен қатар болашақ мамандарға арналған шет тілін оқытудағы негізгі әдістері қарастырылады.	3		v	v	v							
14		БП	ЖО ОК	Жасанды интеллект негіздері	Жасанды интеллекттің іргелі принциптерімен және оны тиісті салаларда қолданумен, негізгі ұғымдарымен, әдістерімен және технологияларымен және олардың әртүрлі салаларда	5	v					v				v	v

					практикалық қолданылуымен танысады. Студенттер болашақ кәсіби қызметіне сәйкес машиналық оқыту, нейрондық желілер, жасанды интеллект қолдану салалары сияқты негізгі технологияларды меңгереді.													
15		ЖБП	МК	Ақпарат- тық-ком- муникаци- ялық тех- нологиялар (ағылшын тілінде)	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізгі ұғымдары; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру үдерісіне енгізу және қолдану қағидалары; оқыту технологияларын жүзеге асырудың құралдары, білім берудің ақпараттық-коммуникациялық технологияларын тәжірибеде қолдану, оқыту технологиясын жүзеге асырудың құралдарын қолдану; оқыту технологиясын жүзеге асырудың мәселелерін қарастырылады.	5		v	v								v	
Пәнаралық модульдер																		
16	Педагогикалық, психологиялық және кәсіби	БП	ЖО ОК	Оқушылардың физиологиялық және психологиялық дамуы	Балалар мен жасөспірімдердің физиологиясы мен дамуының модельдері, денсаулықты сақтау мен нығайтуға байланысты жеке және психологиялық тұлғалық ерекшеліктер, оқушылардың, баламен және мұғалімнің дағдыларын анықтау және дамыту,	3	v										v	

	дайын дық				оқушылар мен балалардың ден- саулығын сақтау, салауатты өмір салтын жүргізу, және оны ұстанудың артықшылықтарын түсіндіру, жұмыс орнында дене шынықтыру және тәрбие жұмы- старын ұйымдастыру әдістері сипатталады.												
17		БП	ЖО ОК	Педагогика және тәрбие жұмысыны ң әдістемесі	Педагогика ғылымының негізінде анықтала отырып, педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі пәнінің мақсат-міндеттері, категориялары, құрылымы, әдіснамалық негіздері, негізгі даму кезеңдері, педагогикалық процестің түсініктері, оқу- тәрбие жұмыстарының формалары, әдістері және қолданылатын құралдары қарастырылады. Педагогика ғылымының өзекті мәселелері, ҚР қазіргі заманауи тәрбие тұжырымдамалары, мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйесі және тәрбие жұмысының диагностикасы сипатталады.	5	v									v	v
18		БП	ЖО ОК	Инклю- зивті білім беру	Балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл- қозғалыстық және ақыл-есінің	3		v									v

					жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарама-стан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу жолдары мен тәсілдері сипатталады. Инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі ұғымдары, білім беру қызметінде инклюзивті білім берудің ерекшеліктері, инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің заманауи моделдері мен оны іске асыруы жолдары қарастырылады.													
Мамандық модульдері																		
19		БП	ЖО ОК	Тәшенев-тану	Тәшенев тұлғасы, студенттер арасында ұлттық таным мәселелерін қалыптастыру мен елжандылыққа тәрбиелеу, қоғамдық сананы жаңартудағы және қазіргі заманның жаһандық міндеттерін шешудегі білім алушылардың тұлғалық, көшбасшылық идеяларын және әдістемелік мәдениет негіздерін игереді. Негізгі дүниетанымдық ұғымдардың мағынасы мен рөлін адамның қазіргі әлемдегі	3	v					v					v	

	Кәсіпт ендіру пән- дері				жеке және әлеуметтік болмысы- ның құндылықтары мәселелерін зерттейді.													
20		БП	ЖО ОК	Тіл және мәдениета- ралық ком- муникация	Қоғамдағы мәдениетаралық коммуникацияның ерекшелік- тері,мәдениетаралық, халықара- лық қарым-қатынаспен байла- нысты келелі мәселелер, комму- никацияға ықпал ететін фактор- лар және әртүрлі мәдениет өкіл- дерінің қарым-қатынасы, тіл мен мәдениеттің арақатынасы, тілдің өзіне ғана тән ерекшелік- тері мен оның жасалу жолдары, құрылымы, тіл жаратылысы, жеке тұлғаның қалыптасуына тілдің ықпалы, ұлттық мінез және оның қалыптасуындағы тілдің рөлі, тіл және мәдениет арқылы әлемнің жаңа бейнесінің қалыптасу мәселері зерттеледі.	6	v				v						v	
21		БП	ЖО ОК	Практика- лық фонетика	Ағылшын тілінің фонетикалық ерекшеліктері мен құбы- лыстарын, дыбыс және олардың түрлері, тіл дыбыстары, дыбыс және таңба, дауыстың жоғары- лығы, ұзақтылығы, күштілігі, тембр, дыбыс жасауда шу мен салдырдың ролі, дауысты және дауыссыз дыбыстар, ды- быстардың классификациясы, буынның және екпіннің түрлері,	5												

					диграфтар, әріп тіркестерінің оқылу ережелері мен ерекшеліктерін зерттейді. Ағылшын тілінің фонетикалық құрылыс теорияларын оқуда интегративтік жолды қолдану зерттеледі.													
22		БП	ЖО ОК	Практикалық грамматика	Қазіргі ағылшын тілінің грамматикалық құрылымы, морфологиясы мен синтаксисіне қатысты барлық құбылыстар, грамматикалық құрылымдарды, грамматикалық формалар мен конструкцияларды аудару, сөзжасам кестелері, етістіктің жеке және жеке емес формалары, етіс түрлері, сонымен қатар сөйлемдерді байланыстыруға қызмет ететін тұрақты емес етістіктердің, ең көп қолданылатын предлогтардың, олардың ерекшеліктерімен, ана тілінің ерекшеліктерімен таныстырады. Ағылшын тілін үйрену басырында грамматика саласынан теориялық және практикалық білімдерін, дағдыларын жетілдіреді.	5	v				v						v	
23		БП	ЖО ОК	Екінші шетел тілі (A1,A2 деңгейлері)	Неміс тілінде күнделікті қарымқатынас процесіне жеткілікті лингвистикалық біліктілікті қалыптастыру, қажетті типтік	4	v				v						v	

					жағдаяттарда қатысым жасай алу, тұрмыстық жағдай мен оқуын сипаттауға құзыретті болады. Тілдік қарым-қатынас үшін қажетті сөздер мен сөйлемдердің материалдық тұрпатын жасаушы тілдік жүйенің элементтерін қарастыру, сөз ағымындағы жекелеген дыбыстардың тілдің мазмұндық бірліктерімен байланысын зерттейді. Сөйлесу дағдыларын алу үшін арнайы әдебиеттерді оқу және аудару дағдыларын игеру, кәсіби қызмет саласында ақпарат алуға мүмкіндік беретін деңгейдегі екінші шетел тілін білу, оқудың жетекші рөлімен сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде екінші шетел тілінде ауызша және жазбаша қарым-қатынасты жүзеге асыру сипатталады.												
